

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын тексеру парагын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 212-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 71 бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 4 маусымдағы № 236-нқ және Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 10 маусымдағы № 32 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 11 маусымда № 34478 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын тексеру парагын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 212-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 71 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21350 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын тексеру парагы осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасы Сауда
және интеграция министрі

_____ Н. Байбазаров

_____ А. Шаккалиев

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2024 жылғы 10 маусымдағы № 32 мен

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
Бірінші вице-министрі
2024 жылғы 4 маусымдағы № 236-нк

Бірлескен бүйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 71 мен
Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрінің
2020 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 212-НК Бірлескен бүйрыққа
қосымша

Тұтынушылардың күкіттарын қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын тексеру парагы

(Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес) кәсіпкерлік
субъектілеріне қатысты

(бақылау субъектілерінің (объектілерінің) атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-
сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан жерінің мекенжайы

№	Талаптар тізімі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
	Сатуши (дайындаушы, орындаушы) туралы		

1.	<p>акпаратты, оның байланыс деректерін, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның және тұтынушылық дауларды сотқа дейін реттеу субъектілерінің байланыс деректерін, сондай-ақ тұтынушының өз бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру үшін оларға жүгіну құқығы туралы акпаратты қазақ және орыс тілдерінде орналастыру</p>		
2.	<p>Күнтізбелік он төрт күн ішінде тиісті сападағы және кепілдік мерзімі ішінде тиісті емес сападағы тауарды, ал егер тауарға тауарды тұтынушыға берген күннен бастап екі жыл шегінде кепілдік мерзімі белгіленбекен жағдайда айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз ету</p>		
3.	<p>Тұтынушының шағымын алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде тұтынушының құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын жою туралы шағымға жазбаша жауап ұсыну</p>		
	<p>Тауар туралы қазақ және орыс тілдерінде акпарат беру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) атауын; 2) ұсынылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) түрлері мен ерекшеліктерін; 3) егер тауар (жұмыс, қызмет) сәйкестікті раставу рәсіміне жататын 		

жағдайда сәйкестік белгісі;

4) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) негізгі тұтыну қасиеттері туралы, өнімнің тағамдық, биологиялық және энергетикалық құндылығы туралы мәліметтер, сондай-ақ жекелеген аурулар кезінде оларды қолдануға карсы көрсетілімдер туралы мәліметтер;

5) өнімді органикалық өнімге жатқызу туралы мәліметтер, егер болса;

6) тауардың құрамын, тамақ өнімдеріне катысты – олардың құрамы, оның ішінде тамақ қоспаларының, азықтардың және азық қоспаларының, тамаққа биологиялық активті қоспалардың болуы және олардың мөлшері туралы мәліметтерді;

7) егер мұндай компоненттегі генетикалық түрлендірілген организмдер құрамы 0,9 және одан да көп процентті құрайтын болса, тамақ өнімдерінде генетикалық түрлендірілген организмдерден тұратын немесе соларды қолдана отырып алынған компоненттердің болуы туралы мәліметтерді камтуға тиіс, сондай - ақ жеке сейлеммен "осы өнімнің құрамында генетикалық түрлендірілген организмдер бар" деген сөздерді заттаңбада - оралған өнімдер үшін, өнім туралы нұсқамаларда -оралмаған өнімдер үшін көрсету;

- 8) дайындаушының тауарлық белгісін;
- 9) тауарды шыгарған ел;
- 10) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) теңгемен құнын және сатып алу шарттарын;
- 11) кепілді мерзімнің болуын немесе болмауын ;
- 12) егер бұл тауарлардың ерекшелігіне байланысты талап етілсе, тамак өнімдерін дайындау жөніндегі ұсынымдарды;
4. 13) тауардың дайындалған күні мен орны, қызмет ету мерзімін және (немесе) жарамдылық мерзімін және (немесе) сақтау мерзімін, егер тауарды сақтаудың талаптары тиісті тауарды сақтаудың әдеттегідей жағдайларынан ерекшеленетін не арнайы сақтау талаптарын қажет ететін болса, оларды сақтау талаптарын көрсетуді, сондай-ақ, егер тауар көрсетілген мерзімдер өткеннен кейін тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне және қоршаған ортаға қауіп төндіретін болса немесе мақсаты бойынша пайдалануга жарамсыз болса, көрсетілген мерзімдер өткеннен кейін тұтынушының қажетті іс-әрекеттері және мұндай іс-әрекеттерді орындаған кездегі ықтимал салдарлар туралы мәліметтерді;
- 14) сатушының (дайындаушының, орындаушының) атауын (фирмалық атауын), орналасқан жерін (занды мекенжайын), сатушы (

<p>дайындаушы)</p> <p>тұтынушыдан қойылған кінәларды қабылдауға уәкілеттік берген және тауарды жөндейтін әрі оған техникалық қызмет көрсететін дара кәсіпкердің немесе занды тұлғаның (оның филиалының, өкілдігінің) орналасқан жерін;</p> <p>15) егер мұның жұмыс (көрсетіleetіn қызмет) сипатымен байланысты мәnі болса, жұмысты орындаитын (қызмет көрсететіn) нақты тұlғаны көрсетуді жәne ол туралы акпаратты;</p> <p>16) музыкалық туындыларды орындаушылардың ойын-сауық қызметтерін көрсетуі кезінде фонограммаларды, дыбыс-бейне жазбаны пайдалануын көрсетуді;</p> <p>17) тауар (жұмыс, көрсетіleetіn қызмет) массасының шамасын (нетто), көлемін, санын жәne (немесе) жиынтықталымын;</p> <p>18) тауарды тиімді жәne қауіпсіз қолданудың максаты мен шарттары туралы мәліметтер, сондай-ақ тұтынушыға ұсыну үшін міндетті болып табылатын не тұтынушы мен сатушы (дайындаушы, орындаушы) арасында жасалған шартта көзделген өзге де мәліметтер;</p>		
<p>Тауарды сатып алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде тұтынушыға сатып алғынған тауар үшін ақшалай соманы қайтарып бере отырып, оны пайдалануына, тауар</p>		

5.	<p>түрін, тұтыну қасиеттерін, пломбаларды, заттанбаларды сактауына қарамастан, зияткерлік меншік құқықтарын бұза отырып шығарылған, жарамдылық мерзімі өткен сатылған тауарды, қауіпті және (немесе) сапасыз тауарды айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз ету</p>		
6.	<p>Сатушының тауарды тұтынушыға беруі, оның ішінде тауарды электрондық саудада өткізу кезінде, ұлгіге және (немесе) сипаттамаға сәйкес</p>		
7.	<p>Егер шартта өзгеше мерзім белгіленбесе, оны орындау (көрсету) барысында табылған жұмыстың (қызметтің) кемшіліктерін және тиісті талап қойылған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде орындалған жұмыстың (көрсетілген қызметтің) кемшіліктерін жою</p>		
	<p>Тұтынушымен жасалған шартқа тұтынушының құқықтарын бұзатын және (немесе) оларға қысым жасайтын талаптарды енгізу:</p> <p>1) тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген жағдайда сатушыны (орындаушыны, дайындаушыны) жауапкершіліктен босату немесе оны негізсіз шектеу;</p> <p>2) сатуши (дайындаушы, орындаушы) шарттық міндеттемелерін толық немесе ішінара орынданамаган немесе</p>		

- тиісінше орындаған жағдайда тұтынушының құқықтарын болғызбау немесе шектеу;
- 3) өтеулі тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша сатушы (орындаушы, дайындаушы) қосымша таңған тұтынушылардың міндеттерін белгілеу;
- 4) туристік қызмет көрсетуге арналған шарттарды және қайтарылмайтын тарифтер бойынша авиабилеттер сатып алу шарттарын қоспағанда, тұтынушы шарт бойниша міндеттемелерін орындаған жағдайда, оның мөлшерлес емес үлкен (тауар, көрсетілетін қызмет, жұмыс құнының отыз пайызынан астам) соманы төлеуі жөнінде талап белгілеу;
- 5) төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдау кезінде қолма-қол акшамен төленген жағдайдағы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сату бағасынан асатын баға белгілеу;
- 6) сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) шартты біржақты тәртіппен өзгерту және (немесе) бұзу құқығын беру;
- 7) сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) шартты бұзған жағдайда ұсынылмаған тауар (көрсетілмеген қызмет, жұмыс) ушін төленген акшалай соманы қайтармау құқығын беру;

8) тұтынушыға шартты бұзу құқығын бермestен, сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) бағаны ұлғайту мүмкіндігін беру ;
9) сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) тауардың шарт талаптарына сәйкестігін анықтау құқығын беру немесе оған шартты түсіндіру құқығын беру;
10) сатушының (орындаушының, дайындаушының) өкілдері алған міндеттемелер бойынша оның жауапкершілігін шектеу;
11) егер сатушы (орындаушы, дайындаушы) өз міндеттемелерін орындаамаған жағдайда, тұтынушының барлық міндеттемелерді орындау міндетін белгілеу;
12) міндеттемедегі адамдардың ауысы турали Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларын сақтамастан, сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) шарт бойынша өз құқықтарын және міндеттерін үшінші тұлғага беру құқығын беру.

Лауазымды адам (адамдар) _____

(лауазымы) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы _____

(лауазымы) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК